

## Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органының қарыз алуының жекелеген мәселелері туралы

Казақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 тамыз N 1265

Қызылорда облысының жылу-энергетика объектілерінің 2000/2001 жылғы күзгі-қысқы кезеңде сенімді және авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органы ұсынған, Қызылорда облыстық мәслихаты сессиясының 2000 жылғы 29 шілдедегі шешімімен бекітілген және Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің оң қорытындысы бар, қаржыландыруы көрсетілген жергілікті атқарушы органның қарыз алуы есебінен жүзеге асырылатын "Қызылорда қаласының жылу-энергиямен жабдықтайтын кәсіпорындарын 2000/2001 жылғы күзгі-қысқы кезеңді олардың жұмысының тұрақтылығы үшін мазутпен қамтамасыз ету" аймақтық инвестициялық бағдарламасы мен келісілсін.

2. Қызылорда облысының жергілікті атқарушы органының 2000 жылға арналған жиынтық қарыз алу лимитін пайдалану көлемі 330 000 000 (үш жүз отыз миллион) теңге мөлшерінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ресімделетін құжаттар мен мәмілелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына Қызылорда облысы жергілікті атқарушы органының заем туралы шартының сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиісті қорытынды ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) тартылатын заем шарттарына қаржылық сараптаманы жүзеге асырын;

2) мемлекеттік борышты басқару шенберінде заемды тіркеуді, жергілікті атқарушы органның заемды бақылауын және оған қызмет көрсету мониторингі мен өтеуін қамтамасыз етсін.

5. Қызылорда облысының әкімі:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 3-тармаққа сәйкес тартылатын заемға қаржылық сараптама жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынсын;

2) заңнамада белгіленген тәртіптен заем тартуды қамтамасыз етсін;

3) заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

4) жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен заемға қызмет көрсетуді

және оны өтеуді қамтамасыз етсін;

5) заем қаражатын игеру, оған қызмет көрсету және өтеу жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне үнемі ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Оқығандар:

Кобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК